

ӘОЖ 291

Б.К. Бейсенов, А.Р. Игисенова

E-mail: otrar68@mail.ru

Дәстүрден тыс ағымдар: діни ұстанымдық ерекшеліктер

XX ғасырдың 90-жылдары қоғам өмірінің барлық салаларында терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Бұл қоғамның рухани саласындағы, соның ішінде дін мен діни мәдениетке де терең өзгерістер алып келді. Әлеуметтік-мәдени және саяси дамудың жаңа жағдайларының қалыптасуы, идеологиялық саладағы өзгерістер, ұлттық сана-сезімнің өсуі және қоғам өмірінде рухани ұлттық құндылықтардың рөлінің өсуі қоғамдық-саяси өмірдегі діннің рөлін айқындайтын факторлар.

Діни жаңғыру постатеистік елдерге тән. Өйткені ұзақ жылдар бойы ұлттық және рухани құндылықтарынан ажыраған елдер өзінің арғы тегінде өрнектелген тамырларына қайта оралуды мақсат көретіні даусыз. Діни өрлеу үдерісі бұрынғы кеңестік елдер үшін тән құбылыс болып отыр. Діни сананың жаңғыруы дәстүрлі діни бірлестіктердің позицияларының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа дәстүрден тыс діни ұйымдардың пайда болуымен ерекшеленеді.

Бұл мақаланың мақсаты Қазақстандағы ислами ағымдардың діни ілімдерінің ерекшеліктерін айқындау және дәстүрден тыс ағымдардың ұстанымдарын ашып көрсету, бұл ағымдардың ұлттық бірегейлікке тигізетін ықпал-әсерін айқындау болып табылады. Дін алауыздықтың емес, бірлік пен ынтымақтың негізі болуы керек. Жаңа қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң діни саладағы мемлекеттік саясаттың пәрменділігін арттырып, зайырлылық қағидатын айқындай түседі деп ойлаймыз. Еліміздің орталық, шығыс және батыс аймақтарында дінтану мамандықтарын даярлайтын оқу орындарын ашу арқылы кадр тапшылығын шешуге болар еді. Діни оқу орындарында оқитын жастарға дін және қоғам, дін және құқық, дін және ұлттық руханият және зайырлы мораль негіздері сынды пәндерді жүйелі түрде оқыту қажет. Дінге құштар жастарды, ең алдымен, ұлттық рух пен зайырлы мемлекеттік негізде тәрбиелеп, исламдағы көркем мінезділік және адамгершілік құндылықтарға баулып, отанды сүю, қоғам мен адамды құрметтеу сынды ұстанымды санасына сіңіру керек. Діни уағызбен айналысатындарға арнайы куәлік берген жөн. Діндар жастарды, ең алдымен, діни этикалық өмір салт пен әдепке үйретіп, біртіндеп дін негіздерін оқыту қажет. Моноқалаларда жастарға кәсіби бағдар беру және мәдени-спорттық кешендер жұмысын жетілдіруге мән беру қажет.

Түйін сөздер: төзімділік, ұлттық бірегейлік, ұлттық рух, діни жаңғыру, діндарлық, дәстүрлі діндер, дәстүрден тыс діндер, ислам құндылықтары, діндераралық диалог, рухани қауіпсіздік, ұлттық дәстүрлер.

B.K. Beysenov, A.R. Igiseno va

Nontraditional religious branch: particularity and characterization

Summary 90 years XX c. took a deep and significant place in all sectors of social life. These years have brought profound changes in the spiritual sector of society, including the religions and religious culture. Circumstances surrounding the formation of new social, cultural and political development, changes in the ideological sphere, the development of national thinking and the development of spiritual national values life are critical factors the role of religion in social and political life.

Update religions renaissance tend countries post atheistic society. Because for many years the country of national and spiritual values, no doubt, set the goal to return to their homes of origin. Development of religious thinking together with the strengthening of the position of traditional religious associations are allocated to Kazakhstan with the advent of the unknown, new destructive and nontraditional religious organization.

The purpose of this article considers particular nontraditional religious teachings of Islamic schools in Kazakhstan

, as well as reveal the positions of non-traditional areas , to assess their impact in the national uniqueness. The theme of religion - it is a complex and sensitive issue . Religion should not be the basis of differences, and the basis of unity and harmony . We hope that the new enacted law of» religious activity and religious associations « to increase the effectiveness of secular policy in the religious sector , and more precisely clarify the secular principle. Opening preparatory training centers in « religion studies» in the central and eastern , west region our country would be possible to solve the problems of staffing shortages . For young people studying at religious centers should be taught subjects such as : religion and society, religion and law, religion and national spirit and the basis of secular morality. Youth , enthusiastic religion first need to educate the basis of national spirit and secular state, teach the graceful nature of Islam and humane values, hold positions in the minds how to love their homeland , honor society and people. We must teach the youth to religious ethical life, and from time to time to teach the basis of religion. Should pay attention to the direction of professional work among youth and to improve cultural and sports complexes in monocities .

Key words: tolerance,national identity,religious reascent,religiousness,traditional religion ,values of islam, nontraditional religious,interconfessional dialogue,spiritual security, national tradition.

Бейсенов Б.К., Игисенова А.Р.

Нетрадиционные течения: особенности и характеристика

Начиная с 90-х г. XX в. в Казахстане вследствие политической и социально-экономической трансформации произошли глубокие изменения в духовной сфере общества, в том числе в сфере религий. и приведшие к возрождению религиозной жизни. Формирование новых обстоятельств социально-культурного и политического развития, изменения в идеологической сфере характеризуется возрождением национального самосознания и духовных ценностей . Принципы идеологической свободы – один из определяющих факторов возрастания роли религии в социально-политической жизни.

Религиозные возрождения свойственны странам постатеистического системы. Потому что долгие годы страны, разлучившийся от национальных и духовных ценностей, бесспорно, ставят цель вернуться к своим родным истокам. Возрождение религиозного сознания сопровождается укреплением позиции традиционных религиозных объединений в Казахстане, а также с появлением деструктивных и нетрадиционных религиозных организаций.

Целью этой статьи является анализирование особенностей учений нетрадиционных религии в Казахстане, а так же раскрытие позиций нетрадиционных направлений, их влияние на религиозное сознание. Религия должно быть основой не разногласия, а основой единства и согласия. Мы надеемся, закон о «Религиозной деятельности и о религиозных объединениях» увеличит действенность государственной политики в религиозной сфере и более четко уточнит принцип светскости. Открытием специальности «религиоведение» в центральных, западных и восточных регионах нашей страны можно было бы решить проблемы о кадровых нехватках. Для молодежи, обучающейся в религиозных учебных заведениях, нужно преподавать такие предметы, как: религия и общество, религия и право, религия и национальные духовные ценности и основа светской морали. Молодежь, увлеченную религией, надо воспитывать на основе национального самосознания и на основе светского государства, приучать к ценностям золотой середины ислама и духовно-нравственным ценностям, патриотизму и гуманизму. Надо обратить внимание профориентационным работам и трудоустройству молодежи и совершенствованию работ культурно-спортивных комплексов в моногородах.

Ключевые слова: толерантность, национальная идентичность, религиозное возрождение, религиозность, традиционные религии, ценности ислама, межконфессиональный диалог, духовная безопасность, национальные традиции.

Қазақстан тәуелсіз, зайырлы мемлекет және нарықтық экономикаға негізделген, қоғамдық өмірдің барлық салаларын демократияландыру жолын ұстанған, әлеуметтік, азаматтық қоғам құрушы мемлекет. Қазақстанның экономика, саяси, мәдени және рухани саладағы жетістіктерін өркениетті елдер мойындап, әсіресе руханият саласындағы табыстары, атап айтсақ, ұлтаралық келісім мен дінаралық сұхбаттастық пен төзімділік мәдениетін қалыптастырған Қазақстандық модель әлемдік қауымдастық тарапынан оң бағасын алуда. Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен

Астана қаласында өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндердің I, II, III,IV съездері діни, ұлты, нәсілі, мәдениеті әртүрлі дінбасыларының ба-сын бір үстелде қосуы қазіргі діни және ұлттық қақтығыстар орын алып отырған алмағайып уақытта қол жеткізген ірі табыс.

Тәуелсіздік жылдары қоғам өмірінің барлық салаларында терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Бұл қоғамның рухани саласындағы, соның ішінде дін мен діни мәдениетке де терең өзгерістер алып келді. Әлеуметтік-мәдени және саяси дамудың жаңа жағдайларының қалыптасуы, идеологиялық саладағы өзгерістер,

ұлттық сана-сезімнің өсуі және қоғам өмірінде рухани ұлттық құндылықтардың рөлінің өсуі қоғамдық-саяси өмірдегі діннің рөлін айқындайтын факторлар. Кеңестік тоталитарлық жүйе мен атейстік идеологияның күйреуі салдарынан туындаған өтпелі кезеңдегі идеологиялық айқынсыздық әлеуметтік жағдайдың адамдар санасына сарыуайым мен торығу сезімін тудыруы, діни сауатсыздық, сонымен бірге, 1992 жылы қабылданған діни бірлестіктер туралы заңның солқылдақтығы мен дінтанулық сараптама жүргізу туралы ереже мен білікті теолог мамандардың болмауы, діни ағымдардың миссионерлік жұмысының қарқынды жүргізуі мұның бәрі елдегі діни жағдайға өз ықпалын тигізді.

Діни жаңғыру постатеистік елдерге тән құбылыс. Өйткені ұзақ жылдар бойы ұлттық және рухани құндылықтарынан ажыраған елдер өзінің арғытегінде өрнектелген тамырларына қайта оралуды мақсат көретіні даусыз. Діни өрлеу үдерісі және құндылықтар дағдарысы, діни негізде өзіндік бірегейленуді іздеу, түрлі субмәдениеттің құрылуы бұрынғы кеңестік елдер үшін тән құбылыс болып отыр. 1990 жылдары Діни сананың жаңғыруы дәстүрлі діни бірлестіктердің позицияларының күшеюімен бірге Қазақстан үшін беймәлім, жаңа деструктивтік және тоталитарлық діни ұйымдардың пайда болуымен ерекшеленеді. Қазақстандағы дәстүрден тыс діни ілімдерді ұстанушылар қатарында түрлі әлеуметтік топтағылар, рухани ізденістерде жүргендер, жанына жұбаныш, сырқатына шипа іздегендер, жұмыссыздар мен қалталы азаматтар құрады. Жалған діни ағымдар өз қатарына 16-30 жас аралығындағы жастарды тартуы – болашақта ұлтымыздың діни бірегейлігі мен ынтымағына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақстан-2050 даму Стратегиясында «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» деп атап көрсетілді.

Елімізде «әл-Каида», «Мұсылман бауырлар», «Талибан», «Лашкар-Тайба», «Боз-күрт», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Хизб – ут-

Тахрир ислам партисы», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Күрд жұмысшы партиясы», «Орта Азия моджахиттер жамағаты», «Аум Сенрике», «Халифат жауынгерлері» және т.б. экстремистік және лаңкестік ұйымдардың қызметіне тиым салынған.

Қазақ елі ҮІІ ғасырдан бері Ислам діні мен құндылықтарын сүнниттік бағыттың Әбу Ханифа жолымен ұстанып келеді. Әбу Ханифа жолы ұлттық болмыс пен дәстүрмен біте қабысып кеткен. Өйткені бұл мазхаб ұлттық әдет-ғұрыпты діни үкім шығару шартының бірі ретінде қабылдаған. Ханафи мазхабы орталық азия халықтарының діни ұстанымы мен өмір салтының негізіне айналған. Ислам - бұл дін, мораль, мәдениет және өркениет ұстанымдары болып табылады. Қазақ елінің 72 % құрайтын мұсылмандар екені белгілі. Елімізде сан түрлі наным-сенімді ұстанатын діни бірлестіктер мен ұйымдар қызмет етуде. Ал ислам дін бірлестіктерінің саны 2000-нан асады. Қазақстандағы діни бірлестіктер қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық тұтастығымызға, қоғамдық келісім мен діни төзімділік жолына қызмет етуі тиіс. Елбасы Әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің І съезін ашардағы сөзінде: «Төзімділік, татулық пен ынтымақтастық принциптерін біз өзіміздің сыртқы саяси қызметімізде де ұстанамыз. Олар көпбағыттылық, жаһандық және өңірлік, қауіпсіздік үшін ықпалдасу, топтасу, әділеттілік пен прогресс идеясына негізделеді» [1]. Тәуелсіздік пен даму философиясының қайнар көздерінің бірі - рухани асыл мұрамыз ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлшегі діни құндылықтарымыз еліміздің рухани бірлігін күшейтіп, рухани қайта өрлеуді және ұлттық мүддені асқақтатады.

Абду Уаһһаб ілімі бұрынғы КСРО елдеріне 1990 жылдары кіре бастады. Қазақстанда бұл ілімнің таралуына шет елдің дін уағызшылары мен уаһһабшылдық діни түсінігіндегі әдебиеттер, араб елдерінде оқып жатқан студенттер арасында осы ағым өкілдерінің идеологиялық үгіт-насихаты, осы ағымды қолдайтын ғаламторлық желілер мен халықаралық ислами ұйымдардың қаржылай көмектері көп рөлін атқарды. Жат жерлік дін ұстаздары шет елдерде діни білім алған жастарды дүниетанымдық және психологиялық өңдеуден өткізеді. Жастарға Абду Уаһһаб

іліміндегі әдебиеттер, аудио және видео жазбалар беріледі. Уаһһаб ілімін ұстанушылардың дені араб елдерінде оқып келген жастар болып отыр. АбдуУаһһаб ілімін ұстанушылар еліміздің барлық аймақтарында кездеседі. Дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлы: «Құрмет ниетімен сәлем салу исламда харам яки Аллаһ Тағалаға серік қосуға жатпайды. Бұл қазақтың әдет-ғұрпы. Діни міндет те емес. Қазақ келіндерінің ешбірі табыну мақсатында сәлем салмайтыны баршаға мәлім. Ендеше, ғасырлардан бері ислам дінін жетік білген ғұламалардың көз алдында жалғасын тауып келе жатқан бұл әдетті ширкке балап, елдің шырқын бұзу – әсте дұрыс емес» [2].

«Салафилар мұсылмандарды Аллаһтың бірлігіне шақыру, ислам дінін хұрафат-бидғат амалдардан тазалау, дінімізді Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманындағыдай қалпына қайтару, араб әлемін біріктіру сияқты мақсаттарды ұранға айландырып алған» [3].

Кейбір топтар өздерін сәләфилерміз деп атайды. Олар ұлттық құндылықтар және қасиетті деп саналатын кесене мазарларға зиярат ету және мәулітті атап өту, музыка тыңдау дұрыс емес деп санайды. Оңтүстік аймақтардағы келіннің атасы мен енесіне, жасы үлкендерге сәлем салу дәстүрін, бидғат деп санайды. Ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтарды қабыл алмайтын топ мұсылман болу деп арабтық дәстүрді ұстануды және арабтық діл мен өмір салтын басшылыққа алады. Ұлттық мәдениеттен жирену маргиналдық ұстанымға алып келеді.

Елімізде экстремистік бағыттағы “Хизб-ут-тахрир-әл-ислами” (“Ислам азат ету партиясы”) ұйымының заңға қайшы әрекеттері жұртшылықтың наразылығын тудырды. Хизб-ут-тахрирдің мақсаты Ислам атын жамылып, дінаралық келісім мен үн қатысуға зиянын тигізіп, бейбіт өмір тыныштығын бұзу. Ұйымның штаб-пәтері-Лондон қаласында. Хизб-ут-тахрир Орталық Азия елдерінің мемлекеттік құрылысын мойындамайды және осы аймақта халифат құруды өздерінің мақсаты ретінде ұстанады. Аталған ұйым күресі идеологиялық күрес, идеологиялық төңкеріс, билікті өз қолдарына алу сынды үш бағытта жүргізіледі. Кейінгі жылдар мұсылмандар арасында жік салатын пікірлер мен ұстанымдар көрініс беруде.

Экстремистік, діни фанатизм, лаңкестік, пікір төзімсіздігі ислам дініне жат.

“Хизб-ут-Тахрир” Ислам азаттық партиясының Қазақстанға келуі. Осы партияның Орталық Азия елдеріне келуі 1980 жылдың орта тұсында болды. Бұл партияның жетекшілері жаңадан тәуелсіздікке ие болып, ислами қайта өрлеу үрдісі жанданған Орталық Азия елдеріне назар аудара бастады. Жергілікті тұрғындардың діни білімінің төмендігі, жұмыссыздық, кедейшілік осы ұйымның өз қатарына кейбір адамдарды тартуына себеп болды. Осы ұйымның құпия қызметінің белсенділігі 1998 жылдың соңында байқалды. Өзбекстанда заңға қайшы әрекеттері үшін бұл партияның мүшелері қудаланды.

Мамандардың пікірінше партия идеологиясының негізгі ұстанымы адамдардың санасына ықпал ету арқылы әлеуметтік-экстремистік мінез-құлықты қалыптастыру. Бұл ең алдымен азаматтық мойынұсынбау, діни фанатизмді ояту, теократиялық мемлекет құру. Олардың идеологиясының утопиялық сипаты әлемдік халифат құрудан көрінеді. Осы мақсатқа жету үшін олар барлық мұсылмандарды жиһадқа шақырады. Бұл партияның қызметіне барлық мұсылман елдерінде тиым салынған.

Қазақстанда экстремистік ұйым ретінде саналатын Хизб-ут-Тахрир “Әл-ислами” партиясының алғашқы эмиссарлары еліміздің оңтүстік өңірінде 1998 жылы пайда болды. Бастапқы кезеңде партия мүшелері жасырын жиналыстарында жиналып, өз қатарына жаңа мүшелерді тартты. Кейін эмиссарларының тапсырмасымен аймақтарда осындай құрылымдарды құра бастады.

“Хизб-ут-Тахрир” саяси партиясы Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстарында, ал 2002 жылдан бастап Павлодар және Ақмола, Қарағанды облыстарында үн-парақтарын таратып көзге түсе бастады. Бастапқыда партияның үн-парақтары өзбек және араб тілдерінде таратыла бастады. Ал, кейінірек бұл үн-парақтар қазақ тілінде таратылды. Үнпарақтарды көпшілік жиналатын орындарда және пошта жәшіктеріне салып тарата бастады. “Хизб-ут-Тахрир” партиясының эмиссарлары өз қатарына діни білімі таяз, өмірлік тәжірибесі жеткіліксіздеу жастарға тірек артты. Жұмыссыз, тұрақты тұратын жайы жоқ, өмірде өз орнын таппаған,

торыққан, рухани тұрғыда әлсіз, тез иланғыш адамдар негізінен осы партияның қатарын толықтырды. “Хизб-ут-Тахрир” партиясының белсенді мүшелерінің жас ерекшеліктері 15-35 жас аралықтарын құрайды. “Хизб-ут-Тахрир” партиясының қатарында партия эмиссарлары мемлекеттік қызметкерлерді, іскер адамдарды, зиялы қауым өкілдері мен студенттерді партия қатарына тартуға көңіл аударып, өз адамдарын қоғамның барлық сфераларына, әсіресе билік құрылымына кіргізу әрекеттерін жасаған. Шымкент қаласында жасырын баспаханада басылған үн-парақтарда, кітаптарда еліміздің конституциялық құрылысын бұзуға шақырған. Бұл еліміздің егемендігін, демократиялық және зайырлылық негізіне қарсы іс-әрекет деген сөз.

Бұл партияның саяси және экстремистік бағытын, арам пиғылын 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерей тойын мерекелеу кезінде таратылмақшы болған үнпарақтарында мемлекеттік құрылысты күшпен өзгертуге шақырған. Түркістан қаласында аталған топтың бір мүшесінің үйіне тінту жүргізілгенде қару-жарақ, қолдан жасалған жарылғыш зат, экстремистік әдебиеттер мен үнпарақтар табылды. Осы топ мүшелері діни алауыздыққа үндегені, саяси құрылысты күштеп өзгертуге шақырғаны, ел қауіпсіздігіне қауіп төндіргені, заңсыз діни бірлестік құрғаны және Ата Заңымызға қайшы келетін әдебиеттерді сақтағаны үшін түрлі мерзімдерге бас бостандығынан айырылды.

“Хизб-ут-Тахрир” партиясының мүшесін Ташкент қаласында Өзбекстан құқық қорғау органдары жасырын пәтерде партия жетекшісінің бірімен кездесу кезінде қолға түсірді. “Хизб-ут-Тахрир” мүшелері бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. “Хизб-ут-Тахрир” партиясының үгіт-насихатының қауіп-қатері жастардың, әсіресе, студент жастардың сана-сезімдерін жаулап алуында жатыр. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы және Алматы қаласының орталық мешітінде рұқсатсыз митингіде халифат құру үшін күрес жүргізуге, әлем мұсылмандарын біріктіруге шақырған партия мүшелері әкімшілік жаза алды. Партия жетекшілері идеологиялық күреске ерекше мән береді “Хизб-ут-Тахрир” партиясының құрылымы - пирамидалық қағидат негізінде құрылған және қатаң тәртіпті

ұстанады. Партия жұмысы жасырын құпия сипатта, мүшелерінің лақап есімдері болады.

Дінтанушы ғалым С.Хизметлидің пікірінше, 1992 жылынан бастап Хизб-ут-Тахрир ұйымы Орталық Азия елдріне кіре бастаған. “Хизб-ут-Тахрир” ұйымының Өзбекстанда, Түрікменстан және Қырғызстанда бірнеше террористік-экстремистік іс-шаралар ұйымдастыруының нәтижесінде бейкүнә адамдар қаза тапты [4].

2005 жылы Қазақстан Республикасы бас прокуроры Астана қаласының сотына “Хизб-ут-Тахрир” саяси – діни партиясын экстремистік деп танып, ел аумағында бұл партияның қызметіне тыйым салу жөнінде өтініш берді. Астана қаласының соты бұл партияның іс-әрекеті экстремистік сипатта екендігі айқындалып, қызметіне тыйым салынды. 2004 жылы Хизбут-Тахрирдың Ата-заңымызға қарсы мазмұнда парақшалары және баспа өнімдерін таратқан 180-нен астам фактілері тіркелген. “Хизб-ут-Тахрир” партиясына қатысты құқық қорғау органдары 111 қылмыстық іс қозғалған. 2008 жылы Қарағанды қаласында партия жетекшілеріне қатысты сот болып өтті. Сот үкімі бойынша партия мүшелері түрлі мерзімдерге бас бостандықтарынан айрылды.

Ислам діни аясында алуан түрлі ағымдар және ілімдер пайда болды. Осындай ағымдардың бірі – діни-мистикалық ілім сопылық болып табылады. Қазіргі уақытта сопылық туралы әр түрлі пікірлер бар. Сопылықтың ислам дініне оппозициялық сипатта қалыптасқандықтан қоғамға кері әсерін тигізеді деген, көзқараста болса, екінші біреулер сопылық – қазақ жеріндегі мұсылмандық дүниетанымның өзегі деген пікір айтады.

Ислам дінінің өзіндік төл тума мәдениеті терең тарих қойнауынан нәр алатын халықтар мекендеген аймақтарға таралуы барысында сол жергілікті халықтардың салт – дәстүрі, исламға дейінгі наным – сенімдері және дүниетанымдық ұстанымдарымен етене сіңісіп кетті. Сопылық ілімінің қалыптасуына иудаизмдегі Каббала ілімі, буддизмдегі «Нирвана» (нәпсі құмарлықтарының өшуі), гректік неоплатонизм ілімі, гностицизм, бақсылық психотехникасы, христиандық аскетизм (монахтық өмір салты); шиитік ағымның ұстанымдары (мәһди) ықпал – әсерін тигізген деген пікірлер бар. Сонымен бірге, сопылық исламдағы көркем

мінезділік пен өзіндік жетілудің негізі деген көзқарас та бар.

Сопылықты зерттеуші Идрис Шахтың пікірінше: «Сопылық негізі махаббат. Сопылық қызметі махаббат күшінің көмегімен іске асып, адам өмірінде, поэзияда және жұмыста көрініс табады» [5].

Ислам мәдениетіндегі сопылық құбылысын зерттеушілер оны мұсылмандық мистицизм (ирфан) деп атайды. Мұсылман әлемінде мұсылман ғалымдары мен сопылар арасында қарым-қатынастың күрделі болғандығы туралы тарихтан белгілі.

Исламның діни – мистикалық ағымы – сопылық VIII ғасырда қазіргі Сирия, Палестина және Ирак аумақтарында пайда болды.

Сопылық туралы пікір айтқанда, сопылық ұғымының мән – мағынасын толыққанды зерттеп қана, яғни біржақты көзқарасты ұстанбай, орта жолды негіздеу арқылы қарастырған жөн. «Суфизмнің іргелі категориясы – білім культі, парасат және махаббат культі. Суфизм тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізі. Суфизм – бұл терең тұлғалық дүние түсінік» [6].

Сопылық ислам діни аясында мистикалық-аскеттік ағым ретінде қалыптасып, түркі және парсы тілдес халықтардың мәдениетінің өзіндік бір ерекшелігі ретінде көрінді. Орталық Азияда Нақышбандия, Қадария, Кубравия тариқаттары таралған. Ислам дініндегі «Тасаууф» (Сопылық) діни – мистикалық ағым. Ғалымдардың пікірінше «тасаууф» (сопылық) сөзінің түбірі «суфәтүн», жүн, түк сөзінен шыққан. Себебі, сопылық жолын ұстанушы өзін Аллаһтың құзырына тасталған жүн тәрізді сезінеді дейді. Ал басқа бір пікір бойынша, «сыфатун» - қасиет деген сөзден тараған. Сопы өз бойына адамзаттың асыл қасиеттерін жинаған адам десе, енді бір ғалымдар «тасаууф» сөзі – «сафа» - яғни тазалық сөзінен шығады деген пікірді ұстанады.

Профессор Б. Абирова: «Сопылардың айқындауы бойынша, тәубаға келу харамнан бас тарту, халалға жүгіну, бұл жолда адам күнә істеуді тоқтатып, жасаған күнәсіне өкініп, күнә жасамауға шешім қабылдайды. Сопылық қауымда мүрит ұстаздың бақылауымен өз ісіне есеп береді. Бұл мәдени-әлеуметтену формасы болып табылады» деп көрсетеді [7].

Елімізде 1990 жылдардың соңына қарай өздерін сопылар деп атайтын топ пайда бол-

ды. Сопылық ұстанымда нақты бір уақытқа оқшаулану тәртібі бар .

Топ мүшелерінің зікірі «алқа зікірі» және «ара зікір» деп екіге бөлінеді. Екі «үш сағатқа созылатын зікір» салу психотехникасы мен әдісі белгілі бір сөздерді (Ху, Хай) айқайлап айтып, бастарын бұлғақтатып, селкілдеп отыруға және белгілі бір ырғақпен билеуге негізделеді.

Жасанды діни ұстаным көбіне үгіт – насихаттарында халық ауыз әдебиеті үлгілерінен және ұлтымыздың ардақты тұлғаларының шығармаларынан үзінді келтіріп өз мақсаттарына пайдаланады. «Сопылар» ұлттық идея, ұлттық дүниетаным, ұлт руханияты туралы көзқарастары арқылы өздерінің қатарына білімді жастарды тартады.

«Сопылық мистикалық-аскетикалық ілімінің алуан түрлі бағыттарының ішінде екі негізгі бағыт ерекше көрінеді: пантеистік бағыттың өкілдері сопының соңғы мақсаты Құдайға жақындау ғана емес, сонымен бірге Құдайға сіңісу. Бұл күй фана деп аталды. Бұл бағыттың көрнекті өкілі парсы сопысы Баязит әл-Бистами. Осы бағытағы сопылар дінінің сыртқы формасына емес, ішкі діндарлыққа көңіл аударды. Ал екінші бағыты діни парыздар мен міндеттерді орындаушы, түрлі экстатикалық транстардан алшақ жүретін бұрынғы беделді мұсылман ғалымдарын құрметтейтін сопылар құрады. Олардың пікірінше, Аллаһ туралы ең кемел білім құпия мистикалық білім деп санады, сонымен қатар, формальды білімнің құндылығын да мойындады. Бұл бағыттың негізін қалаушы парсы сопысы әл-Жүнейд» [8].

«Сопылықкөнезамандардан келеді. Сопылық наным бойынша адамның сезімдері рухани тәрбиеге мұқтаж, сезім мен нәпсіні жаттықтыру қажет дейді. Сопылықтың тақуалыққа, тәрбиеге, нәпсі тәрбиесіне шақыратынына ешбір дау жоқ, өйткені бұл амалдардың барлығы исламда бар. Ислам бұл істерді ұстанып, амал жасауға шақырады. Дегенмен, сопылардың кейбірінің хулул және иттихат – Аллаһтың келуі мен пендемен бірігуі сеніміне бет алып кетуі, тариқат жолы денені қинаудан тұрады деуі сияқты исламға жат амалдары да көп, ал ондай амалдар сопылыққа үнділерден, грек философиясынан, христиандықтан енген» [9].

Қазақстан мұсылмандарын біріктіруде дәстүрлі Әбу Ханифа мазхабы маңызды рөл

атқарады. «Бүгінгі күні әлем халқының төртен бірі мұсылман болса, солардың 48%-ы осы мазхабты ұстанады. Ханафи мазхабы тұла бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай» [10]. Сонымен бірге, ұлттық құндылықтарды мұсылмандық өмір салтымен байланыстыра білген жөн. «Ең бастысы, сенімді нығайту және Жаратушыға деген шынайы сенім Қазақстан уммасын біріктіруге қабілетті» [11].

Таблиғи жамағатының негізін қалаған Мұхаммет Иляс әл-Кандаһлауи (1885-1944) Үндістанның Кандаһла штатының Саһарнуфур деген елді мекенінде дүниеге келген. Оның ұстазы сол өңірге танымал болған ғалым Абдулқадір әр-Роий. Ханафи мәзһабының ең үлкен медресесі Диубинте білім алған. Мұхаммет Иляс әл-Кандаһлауи 1926 жылы таблиғшылардың негізін салып, өмірінің соңына дейін жамағатқа басшылық жасаған. Бұл ұйым аз уақыт ішінде көршілес Пәкістан мен Бангладеш елдеріне тарап, қазіргі кезде Сирия, Иордания, Палестина, Ливан, Мысыр, Судан, Ирак және еуропаның бірқатар елдеріне тарап отыр. Ұйымның штаб-пәтері Пәкістанның Равинд және Дейли қаласында орналасқан. Таблиғи жамағатының қызметіне Ресейде, Тәжікстанда, Қырғызстанда тиым салынған. 2013 жылы Астана қаласының сотының шешімімен бұл ұйымға ел аумағында тиым салынды.

Дағуатшылардың діни ілімдік ұстанымдарының мақсаты әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне қарамастан мұсылман қауымын ислам парызын орындатуға шақыру арқылы, исламды рухани тұрғыдан түлету. Таблиғи жамағаты негізінен мұсылман тектес ұлттардың арасында дінді таратуды мақсат етеді. Иляс әл-Кандаһлауи өз ілімінде амалға және көркем мінезділікке ерекше мән берді. Таблиғи жамағат мүшелері түрлі әлеуметтік топтар қатарынан шыққандар. Олардың пікірінше, жамағат мүшелері Құран мен Сүннет негізінде біріккен мұсылман әлемін ислам қағидаларын бұлжытпай орындауға шақыру үшін түрлі бейбіт әдістерді қолдана отырып әрекет ететін бейсаяси топ. Олар бір топ адам болып, бір елге барып дағуат жасайды. Топтағылардың әр-қайсысы өзіне күнделікті қажетін өтейтін ғана заттарын алып жолға шығады. Қарапайымдылық – бұл топ мүшелеріне тән қасиет. Тұрақтайтын мекен-жайлары көбіне мешіт, дінді насихаттау жолын-

да үй-үйді, базарлар мен көпшілік жиналатын орындарды аралап, уағыз айтады.

Таблиғи жамағаттың топ жетекшісі өз тобындағыларға (екі-бес адамнан құрылған топ) Аллаһ жолына шақыруға (үгіт жасауға) шақырады. Мұндай үгіт әдісін олар «харуж» («жолда») деп атайды. Топ мүшелері жетекшісіне сөзсіз бағынып, әрі қатаң тәртіпке сүйенеді. Осылайша олар кәсіби миссионерлерге айналады. Ұйым белсенділері жылына 40 күн, айына 3 күн, күніне 2 сағат уақытын дағуат жолына арнауы керек. Бүгінгі уақытта Оңтүстік Азия және Батыстың кейбір елдерінде жамағат қамқорлығындағы түрлі исламдық орталықтар мен діни оқу орындары және мешіттер де бар.

Жамағат ілімі өткінші және мәңгілік дүниеде адамды бақытқа жеткізетін тақуалықтың алты қағидатын ұстанады.

– Кәлима шахаданы жүректе бекітіп, тілмен айту;

– Бес уақыт намазды шынайы және тиісті деңгейде орындау;

– Ислами ілім алу және Аллаһты зікір ету;

– Мұсылман бауырларға құрмет және олардың бірлігін дәріптеу;

– Игі істерді ықыласпен орындау, яғни Аллаһ ризашылығы үшін жасау;

– Исламға шақыру (дағуат).

Осы соңғы қағиданы орындай үшін олар елді-мекендерді аралап, тіпті шет елдерге де сапарға шығады.

Межелі елді-мекенге жетісімен оны аралап, дағуат жасап, дінге шақырады. Дағуатшылар дағуат уақытын «Баян» немесе «Хұтпа» деп атайды.

Кейбір жастардың діни білімінің төмендігі және дін мен дәстүрді ажарата білмеуі, дін мен саясаттың арақатынасын терең түсінбеуі, зайырлылық пен діндарлықтың ерекшелігін айқындай білмеуі салдарынан діни ұстанымдары радикализацияға ұшырайды. «Бүгінгі таңда мұсылман әлемі рухани адамгершілік тұрғыда құлдыраумен, жаһандану және вестернизациямен, ғылым және жаңа технологиялардың дамуымен, адам өмірінің барлық жақтарының интеллектуализациясымен байланысты күрделі қиындықтарға бетпе-бет келуде» [12]. Қазіргі ислам әлемінің заманауи тұрғыдан жаңғыруы үшін модернизациялық үрдістерге үрке қарауы емес, қайта жаңа технологиялық ұстанымдарды

игеру және дүниетанымдық тұрғыдан жаңаруды басшылыққа алу маңызды болып табылады. Жаңа сын-қатерлерге қарсы тұру үшін ғасырлық тәжірибеден өткен ұлттық рухани құндылықтарды тірек ете отырып, заманауи үдерістерді философиялық тұрғыдан сыни негізде қайта сүзгіден өткізу маңызды.

Құраниттер ағымы XIX ғасырдың ортасында пайда болған. Бұл уақытта Үндістан Ұлыбританияның отары болатын. Ағылшын отаршылдарына қарсы, мұсылмандардың күресі тоқтаусыз жүргізіледі. Ағылшындар мұсылмандардың азаттық жолындағы күресін бәсеңдету және наразылық әлеуетін жою үшін түрлі айдалар ойлап тапты. Үндістанды тонау үшін жүргізіп отырған отарлық саясатына қарсы болатын барлық кедергілерді жою мақсатында мұсылмандардың құндылықтарына қарсы іріткі ретінде түрлі жаңа діни ілімдерді қолдан жасап, мұсылмандардың діни сенімінің тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келтірген отаршылдар өз көздегендеріне жетіп отырды. Сондықтан ағылшындар мұсылмандардың күресін тоқтату және оларды әлсірету үшін түрлі айла табуға көшті. Мұсылмандардың сенімі мен ынтымақты өміріне қарсы шығатын түрлі топтарды дайындау билік тарапынан ұйымдастырылған қолдан жасалған діни ілімдер мен жасанды дін басылары отаршылдардың саяси мақсаттарына жетуі үшін пайдаланылды. Бұл ұстаным «Бөліп алда билей бер» атпен адамзатқа белгілі жымсықы әрекеттерінің ұраны еді. Ағылшын отары Үндістанда осы XIX ғасырда пайда болған Ахмадия ағымы қазір әлемнің бірқатар елдерінде таралып отыр.

Исламдағы сүнниттік және шииттік бағыттарға жатпайтын құраниттер ағымының негізін салушы – Каирдегі Әл – Азхар ислам университетінің оқытушысы болып қызмет еткен ғалым – Ахмед Мансұр. 1985 жылы Ахмед Мансұр діни ұстанымы үшін ұстаздық қызметтен аластатылды. Дін ғалымдары оның діни көзқарасының шынайы мәнін ашып, діни ұстанымды қателікке ұшырағандығын айқындайтын пәтуа шығарды. Ахмед Мансұр – шариағат негізі мен қайнар көзі ретінде тек құран – кәрім, ал пайғамбарымыздың сүннетін, хадистер, тәпір, қияс сынды ұстанымдарды және сахабалары мен дін ғалымдарының пәтуаларын мойындайды.

Мұхаммет пайғамбардың сүннеті Құран-Кәрімге түсіндірмелер ретінде берілген қайнар көз екендігін мойындамайтын Құраншылар қазіргі кезде батыс елдерінде көрініс бере бастады. Ахмед Мансұр 1987 және 1987 жылдары Ислам әлемінің белгілі дін ғылымдарына тіл тигізгені үшін түрмеде жасырын өтеді. 1996 жылы доктор Мансұр қолдауымен доктор Саад ад-Дин Ибрахим Ибн Халдун орталығында пікірталас ашты. Бұл клубтың мақсаты мұсылмандық догматизм және діни экстремизм мәселелерін талқылау болатын. Аталмыш клуб 2000 жылы Египет үкіметінің шешімімен клуб жұмысы тоқтатылды. 2002 жылы Ахмед Мансұр АҚШ саяси баспана сұрап өтініш берді. Ахмед Мансұрдың өтініші көп кешікпестен оң жауабын алды. Соңғы жылдары доктор Ахмед Мансұр Гарвард юриспруденция мектебінде «Демократияға ұлттық үлес» бағдарламасы бойынша дәріс оқыды. Ол ислам мәдениеті мен дінінің тарихы бойынша 24 кітап және 500-ден аса мақала жазған. Бұл шығармалар араб тілін де жазылған. Ахмед Мансұрдың пікірінше, «Құраншылар» және басқа мұсылмандар арасындағы айырмашылық Құраншылар Мұхаммет пайғамбардың хадистері мен Сүннеттерін теріске шығарады. Құраншылардың пікірінше, Хадистер өзінің бастапқы негізіне келмейді. Хадистер дүмше кертартпа дінбасылар тарапынан бұрмаланған. Құраншылар үгіт-насихат жұмыстарын Солтүстік Вирджинияда Ахмед Мансұр және оның ұлдары негізін қалаған Халықаралық Құран орталығы арқылы жүргізіледі. Осы орталықтың сайттарында құраншылардың дүниетанымдық ұстанымдары және пәтуалары жарияланып тұрады. Әл-Азхар университетінің беделді дін ғалымдары Ахмед Мансұр және оның сегіз жақтас пікірлестерін өлім жазасына кесті. Сарапшылардың пікірінше, батыс елдерінің қолпаштауы мен қамқорлығына сүйенген құраншылар батыс елдерінің мұсылман әлеміндегі мүдделерін қорғаудың және жүргізудің құралына айналып отыр.

Құраншылар – Құран-Кәрім аяттарының мән-мағынасын тура түсініп, астарлы мәніне бойлай бермейді. Құран құндылықтарын және ілімін хадистер арқылы түсіндірме жасаудың қажеттілігін жоққа шығарады. Құраншылар – Құранның негізгі ұстанымы - Хадистерді және сүннетті жоққа шығарады. Ислам діні

мен мәдениетінде, ілімдік көзқарастарында рациональды ізденістер мен логикалық ойтұжырымдар жасау Құран аяттары мен Хадистерге негізделуі тиіс. Ислам құндылықтар жүйесі Құран-Кәрім және пайғамбарымыздың хадистері, белгілі дін ғалымдарының көзқарастары негізінде қалыптасып, дамыды. Хадистерді терістеу немесе күмән келтіру ислам дінінің құндылықтарын құрметтемеуді білдіреді. Құран-Кәрімнің негізгі діни-сенімділік ілімдерін және рухани, ғибадаттық, әлеуметтік-қоғамдық идеяларын пайғамбарымыз хадистерімен жанжақты, егжей-тегжейлі, адамзаттың ақыл-ойы мен парасат-пайымына ұғынықты етіп түсіндірген. Құран-Кәрімнің аяттарының діни және мәтіндерінің логикалық астарлы мағынасын түсіну үшін Мұхаммет хадистері мен сүннетіне сүйене отырып, ой-топшылаймыз. Хадистерге болмаса, Құран-Кәрімнің ілімі мен құндылықтарын алуан түрлі ойлау тәсілдері мен әдістері арқылы түсіну және болжамдар жасауды тудырар еді. Ғылыми негізге сүйенер болсақ, Хадистер – бұл ғылыми-әдістемелік түсіндірме. Намаз әдептері мен қалай оқылу ережелері, ораза түрлері, зекет мөлшері мен берілу жолдары, Құран-Кәрімде нақты егжей-тегжейлі көрсетілмеген.

Құраншылар заманауи жетістіктер мен өркениет көшінен мұсылман елдерінің артта қалушылығын, мешеулігін, консервативті ойниеттен, хадистерді дұрыс түсінбеуді, кейбір хадистердің адам ақыл-ойы мен заман талабына сай келмейтіндігінде деп біледі. Ислам дүниесіндегі түрлі ағымдардың пайда болуы және дүниетанымдық бағдарлардың шығуы бұл да хадистердің және олардың түсіндірмелерінің түрлі болуынан деп санайды.

Құраншылар осы сайтында мұсылмандарға есірткі саудасымен нашақорлыққа рұқсат беретін пәтуа жарияланған. Олардың пікірінше, Құранда бұларға тыйым салынғаны туралы жазылмаған. Каирдегі әл-Азһар университетінің шейхы Мұхаммет Сайд Тантауи: «Пайғамбарымыздың сүннетін тастап, тек қана Құранға жүгінуге шақырушылар- әлбетте, діннен хабарсыз, өтірікші, надан шариғаттың негізін білмейтіндер. Пайғамбарымыздың нақтылы келген сүннет- Аллаһ тағала тарапынан уахи етілген. Аллаһ елшісінің сүннеті Құран-Кәрімдегі үкімдерді кеңінен айқындап түсінуге

көмектеседі. Сондықтан одан бейхабар болу-исламнан хабарсыз болу» - деген тұжырым жасады. Ислам дінінің ілімі, мәдениеті философиялық- дүниетанымдық ұстанымдары және рухани құндылықтары мұсылмандарды ілім-білім үйренуге және бірлік пен ынтымаққа шақырады.

«Мемлекеттік-конфессиональды саясатты жүзеге асырудағы маңызды мәселе діни және дінтанулық сауаттылықты қалыптастыру, сондықтан да зайырлы білім беру жүйесінде дінтанулық білім берудің мазмұнын анықтау өзекті болып отыр» [13]. Сондықтан да, дінтанулық білім беруде маңызды әдістемелік ұстаным зайырлылық қағидаты болу керек.

Қорытынды

Еліміздегі дінаралық келісім мен татулық, рухани қауіпсіздік – халықтың бірлігі мен ынтымағының елдің бейбіт дамуының негіздерінің бірі. 2007 жылы елімізде дінтанулық сараптама жүргізу ережесі қабылданса, 2011 жылы Діни қызмет және діни бірлестіктер Заңы қабылданды. Қазіргі уақытта елімізде 17 конфессияға тиесілі 3088 – нан аса діни бірлестік тіркелген. Осы діни бірлестіктерге дінтанушылық сараптама және ғылыми талдау жасайтын білікті дінтанушылар қажет. Түрлі сектанттық топтардың адам санасы мен дүниетанымына, ұлттық бірлікке, жанұяға, қоғамға тигізер залалын БАҚ арқылы үнемі жариялауды кешенді түрде өткізу керек.

Еліміз соңғы 15-20 жыл ішінде жүздеген діни секталар қаптап, халқымыздың діни дүниетанымы мен бірлігіне қауіп төндіре бастады. Елімізде ислам дінінің атын жамылып жастардың діни сауатсыздығын өз мүдделеріне пайдаланып, жастарды теріс жолға салып жүрген топтар аз емес. Сондықтан еліміздегі жат діни ағымдарға қарсы тұратын азаматтық ұстаным мен сыни көзқарас қалыптастыру маңызды. Жат діни ағым шырғауына түскен жастарға идеологиялық тұрғыдан ықпал ету тетіктерінің бірі-ұлттық рух пен ұлттық дүниетаным негізінде тәрбие беру. «Дін-ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» - бұл халық даналығы.

Дін тақырыбы – бұл күрделі, нәзік тақырып. Дін алауыздықтың емес, бірлік пен ынтымақтың негізі болуы керек. 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң діни

саладағы мемлекеттік саясаттың пәрменділігін арттырып, зайырлылық қағидатын айқындай түседі деп ойлаймыз. Еліміздің орталық, шығыс және батыс аймақтарында дінтану мамандықтарын даярлайтын оқу орындарын ашу арқылы кадр тапшылығын шешуге болар еді. Діни оқу орындарында оқитын жастарға дін және қоғам, дін және құқық, дін және ұлттық руханият және зайырлы мораль негіздері сынды пәндерді жүйелі түрде оқыту қажет. Дінге құштар жастарды ең алдымен ұлттық рухани құндылықтар пен зайырлы мемлекеттік негізде тәрбиелеп, исламдағы көркем мінезділік және адамгершілік құндылықтарға баулып, отанды сүю, қоғам мен адамды құрметтеу сынды ұстанымды санасына сіңіру керек. Діндар жастарды діни этикалық өмір салтқа үйретіп, біртін-

деп дін негіздерін оқыту қажет. Моноқалаларда жастарға кәсіби бағдар беру және мәдени-спорттық кешендер жұмысын жетілдіруге мән беру қажет. Діни сананың радикализациялануына – қарсы тұратын салиқалы діни ұстаным мен зайырлы қағидатты ғылыми негізде зерделеу қажет.

Ислам дінінің ізгілік, мейірімділік, жомарттық, әділеттілік, өзара көмек беру, достық, қайырымдылық діни төзімділік сынды құндылықтары конфессияаралық төзімділікті дамыту үшін және жаһандану заманында зайырлы еліміздің рухани өрлеуі үшін жасампаз бастау. Халқымыздың ынтымағы және ұлттық құндылықтар, татулық, сыйластық, түсіністік қағидаттары елдің тыныштығы мен жарқын болашағымыздың кепілі.

Әдебиеттер

- 1 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезі. – Алматы: Өнер, 2003. - 354 б.
- 2 Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл. – Алматы, 2010. – 288 б.
- 3 Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан пәтуалардың бір бөлігі. – Алматы: «Көкжиек-Б», 2008. - 330 б.
- 4 Хизметли С. Орта Азия түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. – Алматы – ЖШС «Эверо», 2006. - 256 б.
- 5 Идрис Шах. Суфизм. – М.: Молодая гвардия, 2003. - 445 с.
- 6 Әуезов М. Вступительное слова // Суфизм в Иране и Центральной Азии: материалы международной конференции. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007, май 2-3. – С.4.
- 7 Абирова Б.И. Суфизм как феномен исламской культуры: учебное пособие. – Алматы: Қазақ унияерситеті, 2009. - 156 с.
- 8 Яблоков И.Н. Основы религоведение. – М.: Высш. шк., 1994. - 368 с.
- 9 Әлімбаев О. Иассауи атын жамылған «сопы-зікіршілердің» зобаланы // Ислам және өркениет. – 2005. – №6. – Б. 9.
- 10 Әбсаттар қажы Дербісәлі. Имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабы және қазіргі заман. – Алматы, 2009. – б. 5.
- 11 А.Г. Косиченко. Религия: сущность и актуальные проблемы. Алматы 2012. - С. 202.
- 12 Р. Гайнутдин. Учение имама Абу Ханифы как основа толерантности в современном обществе. Имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабы және қазіргі заман. – Алматы, 2009. – б. 10.
- 13 Е. Бурова, А.Г. Косиченко. Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в Республике Казахстан. Алматы. 2013. – с. 37.

References

- 1 I World and traditional religious leaders.-Almaty.Uner.2003.354p.
- 2 Zholdybaiulu.Din zhane dil.-Almaty.2010.-288p.
- 3 Kazakhstan musulmandary din baskarmasynyn 2000 zhyldan bastap shyqqan patualardyn bir boligi.-Almaty:Kokhziek-B.2008.-330.
- 4 Hizmetli S.Orta Aziya turik respublikalarindagy ziyandy agymdar zhane missionerlik.-Almaty-Ebero.2006.-225.
- 5 Idris Shakh.Sufism.-M.Moladaiy gbdardiy.2003.-445.
- 6 Auevov M.Bstupitelnoe sloba//Sufizm b Irane I Sentralnoy Azii:materialy mezhdunarodnoi konferenzii.-Almaty:Daik-Press. 2007.may2-3.-s.-4.
- 7 Abirova B.I.Sufizm kak fenomen islamskoi kultury:--uzhebnoe posobie.-Almaty:Kazakh unibersitety.2009.-156p.
- 8 Yblokov I.N.Osnoby religiobedenie.-M.Byssh.shk.1994.-368.
- 9 Alimbekov O.Yassaui atyn zhamilygan sopy-zikirshilerdin zobalany//Islam zhane orkeniet.-2005.- №6. – b. 9.
- 10 Absattar kajy Derbisaly.Imam Abu Khanifa mazhaby zhane kazirgi zaman.-Almaty.2009.-b.5.
- 11 A.G.Kosichenko.Religiy:suchnost i aktualnoe problem.Almaty.2012.-s.202.
- 12 R.Gainutdin.Uchenie imama Abu Khanify kak osnoby tolerantnosty b sobremennom obshestbe.//Imam Abu Khanifa mazhaby zhane kazirgy zaman.-Almaty.2009.-b.10.
- 13 E.Burova,A.G.Kosichenko.Aktualnye problem razbitiy religioznoi situachi b respublike Kazakhstan.Almaty.2013.-s.37.